



# АДАМТАНУДЫҢ НЕГІЗІ — «АБАЙТАНУ»

**Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.**

*Хакім Абай*

Адам баласының түпкілікті мақсаты: артына ұрпақ қалдыру, оған сапалы білім, саналы тәрбие беру, келешегіне жол ашу болса, осы қоғамдық ойдың жетекші күші – ұлттық дәстүрді жоғалтпау, салт-санамызды қадірлеу деген мәселелер алдыңғы шепке шығуы керек.

«Адам болам десеңіз бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» дейді Хакім Абай. Бұл дегеніңіз, Тәңірі берген екі сезім (ақыл, қайрат), өсе келе қалыптасатын, адам баласына жолбасшы болатын, оның дүниетанымын қалыптастыратын (жүрек) осы үш сезім арқылы адамдықтың өлшемін көрсетер қалып-танымы. Яки адам баласының бойында болатын (рухани дүниетанымды қалыптастыруға негізделген ішкі бес сезім, материалдық дүниетанымды қалыптастыратын сыртқы бес сезімнің үйлесім табуы). Бұл қасиетті сезімдер бір-бірінен алшақ кетпей, бірін-бірі толықтырып, бір-бірінен ажырамай, ғылымда нәм өмірлік жолда болсын пропорционалды бағытты ұстап тұрғанда ғана адам баласы «толық адам» ғылымының есігінен сығалай алады.

«Толық адам» ілімі аяғы аспаннан салбырап түсе салмаған. Ғасырлар бойы сан түрлі геосаясаттың, билік жүйесінің алмасуын басынан өткізді. Алдымен қалыптасып, дамуы түркі дүниесінде болған. Б.з.д. ежелгі түркілерді билеген Алып Ер Тоңа (Афрасияб) патша тұсында теңдік, әділдікке негізделген алып Тұран империясы өмір сүріп жатты. Міне сол кезде белгілі кәсіппен шұғылданатын бизнес өкілдері сахна төріне шықты. Әрбір кәсіп иесі жыл бойында тапқан малын, дүние-мүлкін ел билеуші ақсақалдардың алдына алып келетін. Олар кәсіп иесінің отбасы мүшелерінің санын алып, жыл бойындағы кіріс-шығыстарын есептеп, қалған дүние мүліктерің кедей-кепшік, міскіндерге теңдей етіп таратып беретін болған.

Осындай дерек Пайғамбарымыздың атақты бір Хадисінде бар екен. Онда Жұмаққа тіке баратын үш адам бар дейді. Олар: шаһит, ғалым, жомарт. Бір күні үшеуі Жәннатқа келіпті. Есік алдында тоқтап, бірінші шаһитке жол беріпті. Сөйтсе шаһит «мен ілім алмасам бұл жолға түспес едім. Сондықтан жол Сіздікі деп» ғалымға жол береді. Ал ғалым болса «егер мына жомарт болмаса, мен ілімді қайдан алар едім. Сондықтан жол жомарттікі» деп, алдымен жомарт, артынан ғалым мен шаһит кірген екен. Бұл дәстүр үнемі жалғасып отырған. Тіпті арабтандыру, парсыландыру кезінде де бұл үрдіс жойылмаған.

Айтылуы қарапайым, орындалуында қарама-қайшылық көп кездесетін бұл таным б.з.д. дәуірлерде туып, кейінгі Орта ғасырларда дамытыл-

ды, қалыптасу үрдісінен өтті. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде», А.Ясауидің «Даналық кітабында», Абай шығармаларының негізіне айналды. Бұл тақырып Абай дәуірінде түйінделіп, бекітілді.

Абай өз шығармаларында мен «толық адам» ілімін жасадым деген. Мұны кеңес тұсында басына «қара бұлт» үйірілген М.Әуезов те ашық айта алмады. Тек «нравственная личность» деген тезистік оймен ғана шектелді. Бұл түбірлі ойды профессор ағамыз Мекемтас Мырзахметұлы ғана ғылыми негізде дәлелдеп, «Толық адам» монографиясын өндіріске енгізді. Өйткені, қазақ рухының оянып кетуінен қорыққан сырт күштер бұл концепцияның бүкіл қоғамда күш алуын қаламады әрине. Оған өткен өмір жолдарымыз куә. Қазақ қоғамының оянуын алдымен сыртқы күштер қабылдамады, қабылдатқысы да, түсінгісі де, орындалуына жол ашқысы келмеді.

Мұның астарында үш жүз жылдық патшалы Ресейдің өктемдікке негізделген отарлау идеологиясы жатты. Кейінгі кеңес дәуірінде бұл түсініктер «жауырды жаба тоқу» әдісімен жалғастырылды. Тәуелсіздігіміздің отыз жылында да бұл мәселеге айрықша көңіл бөлінбеді. Қайта жемқорлық арам шөптің тамырындай қаулады. Алла берген екі сипат (ақыл, қайрат) жүрексіз тамырланды. Енді ғана ұлттық дәстүрімізге қайта оралар күн туған секілді. Бұл мәселелерді біз неге шұқшия айтып отырмыз. Ұлттық сана оянғанда ғана ұрпақтың тарихи санасы қалыптасады. Тарихи сана ұлттық сананың негізі. Осыдан кейін ғана тарихи жад қалыптасады. Бұл – аксиома.

Кез-келген жаңалық атаулы Абайдың «толық адам» іліміне негізделсе, онда сол ортада биік жетістіктерге қол жеткізілмек. Техникалық салада болсын, гуманитарлық салада болсын бір жаңалық ашылып жатса, авторларының бойында әлгі үш қасиет (ақыл, қайрат, жүрек) қатар көрініп жатса қандай керемет. Бұл ой байқасаңыздар президентіміз Қ.Ж.Тоқаевтың аузынан екі рет айтылды. Үшінші рет Рим Папасы Астанаға келгенде айтты. Дәл осы идеяға оралып та келе жатырмыз. Өйткені, Хакім Абайдың «толық адам» идеясы мемлекеттік идеологияға негіз болады.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және Хақ жолы осы деп әділетті.  
Осы үш сүю болады иманигүл,  
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ біл  
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,  
Басты байла жолына, малың түгіл, – дегенде  
ойшыл ақын өлемдік масштабтағы мәселелерді көтерген. Осы ойды өріден түсінген біздің басшыларымыз «Абайтану» орталығынан бөлек,



«Мұхтартану» ғылыми орталығын да ашып, үлкен сілкініс жасап отыр. Бұл түсінген жанға үлкен жол. Өйткені, жандүниесі үш сезіммен суарылып қалыптасқан жан кез-келген жаңалықты ашуға дайын тұрады. Ары таза, рухы биік, өресі алғыр, тазалықты тәу еткен жастарымыз рухани тұрғыдан берік қалыптаспақ.

Алланың сегіз сипатының алғашқысы «һаят» (өмір) болса, екіншісі «ғылым». Бұл қасиетті «Құран Кәрімде» де, Пайғамбарымыздың Хадисінде де бекітіліп көрсетілген.

Абай «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде: жылытқан тұла бойды ыстық жүрек, тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық, бұл қайраттан шығады, білсең керек. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек. Жеке-жеке біреуі жарытпайды, жол да жоқ жарыместі жақсы демек. Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, тулап, қайнап бір жүрек қылады өлек. Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек. Және «Дүние де өзі мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп бекітіп те қояды. Болашаққа қадам жасаудың кілті қайда? жолы қайсы? деген сұрақтарға да «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп түйіндейді Хакім.

**Саттар Досалыұлы Өмірзақ**  
ф.ғ.к., доцент, Халықаралық  
«Тұран» академиясының академигі,  
М.О.Әуезов ат.  
ОҚУ  
«Абайтану» ғылыми орталығының  
басшысы